







4. Ж.Можабаев – мектеп қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының төрағасы:

Еңбек жолында білім алушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беруде, Егемен елдің болашақ жастарын тәрбиелеу ісіне өз үлесін қосқан білікті басшының бірі. Тарих пәнінің мұғалімі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тынышбаева Лиза Жакиповна **«Қазақстан Республикасының ақу-ағарту министрінің Алғысына»** лайықты деп есептеймін.

Шешім қабылданды:

1. «№3 Қарауылкелді орта мектебі» КММ – нің тарих пәнінің мұғалімі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тынышбаева Лиза Жакиповнаны **«Қазақстан Республикасының ақу-ағарту министрінің Алғысына»** марапаттауға ұсынылды.

Төрағалық етуші:	Г.С.Таласпаева	
Хатшы:	Д.Молдабекова	
Комиссия мүшелері:	Ж.Можабаев	
	Л.Мұхамбетова	
	Г.Арғынбаева	
	Ж.Алпысбаев	

Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы «№3 Қарауылкелді орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы марапаттауға ұсыну жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы

№1

2023 жылғы 20 маусым

Байғанин ауданы

Төрағалық етуші: 1. Г.С.Таласпаева - «№3 Қарауылкелді орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры, комиссия төрайымы;

Хатшы: Д.Молдабекова – оқу-ісі жөніндегі директордың орынбасары;

Комиссия мүшелері:

2. Ж.Можабаяев – мектеп қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының төрағасы;

3. Л.Мұхамбетова – эстетика пән бірлестігінің жетекшісі;

4. Г.Арғынбаева – гуманитарлық пән бірлестігінің жетекшісі;

5. Ж.Алпысбаев – қамқоршылық кеңес төрағасы;

Күн тәртібінде:

1. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы «№3 Қарауылкелді орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлерін Оқу-ағарту министрінің марапатына ұсыну туралы

Талқыланды:

«№3 Қарауылкелді орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің қолдаулары негізінде, комиссия отырысына келіп түскен ұсыныстарды саралай келе, «№3 Қарауылкелді орта мектебі» КММ –нің жанындағы білім саласы қызметкерлерін марапаттау жөніндегі комиссия ауданның білім беру саласын дамытуда үздіксіз қызмететіп, шығармашылық жұмыстарымен жетістіктерге жетіп жүрген «№3 Қарауылкелді орта мектебі» КММ-нің 35 жыл еңбек өтілі бар, тарих пәнінің мұғалімі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тынышбаева Лиза Жакиповна ауданның білім саласына қосқан еңбегін ескере отырып, Білім және Ғылым Министрінің марапатына ұсыну туралы мәселе талқыланып, «Қазақстан Республикасының ақу-ағарту министрінің Алғысына» ұсынады.

Сөз сөйлеушілер:

1. **Г.Арғынбаева – гуманитарлық пән бірлестігінің орынбасары:**

Тынышбаева Лиза Жакиповна – шығармашыл ұстаз, аудандағы педагог-мастер біліктігіне ие маман. 25 жыл мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарып келеді.

Педагогтерге арналған конкурстардың жүлдегері. Биылғы оқу жылында «Педагогикалық идеялар» фестивалінің облыстық жүлдегері атанып, республикадан топ жарды. Әріптесімізді марапатқа лайық деп есептеймін.

2. **Л.Мұхамбетова – эстетика пән бірлестігінің жетекшісі:**

Лиза Жакиповна – жаңашылдыққа құмар, үнемі ізденіс үстінде жүретін шебер ұстаздың бірі. Өзінің кәсіби шеберлігін шыңдап, шәкірттеріне бүгінгі өмір талабына сай сапалы білім беріп, жаңаша оқыту технологияларын мегерген және өз тәжірибесінде қолданып жүрген ұстаз. Өзі еңбек еткен жылдары 4 Алтын белгі және 20-дан аса үздік аттестат игерлерін шығарды. Шәкірттері облыс, республика, халықаралық шығармашылық байқаулардың жүлдегерлері. Республика көлемінде 2 рет онлайн сабақ өткізді. ҰБТ-ға шәкірттерін 19 жыл дайындап келеді. Облыс көлемінде 2016, 2017, 2021, 2022, 2023 іс тәжірибесін таратып шебер класс, семинарлар өткізді. Республикалық басылымдарда 20-дан астам мақалалары жарық көрді.

3. **Ж.Алпысбаев – қамқоршылық кеңес төрағасы:**

Педагог –шебер санатын ауданда тұңғыш иеленген білікті, білімді ұстаз. Мындаған шәкірттерді тәрбиелеуге басшылық жасаған, парасатты, адамгершілігі жоғары тұлға. Көшбасшылық қасиеті жастарға үлгі. Еліміздегі білім саласын ілгерлетуге өлшеусіз үлес қосқан, шәкірттерінің сүйікті ұстазы.